

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19679918 Қазақ тіліндегі мәтіндерді бейімдеу: әдіснамасы, амал-тәсілдері, тіл үйретуде қолданылуы
Жоба өзектілігі	<p>ҚР тіл саясатын асырудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының міндеттері ретінде: «Білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру; мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор ұйымдарында қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру; халықаралық коммуникацияда қазақ тілінің қолданылуын кеңейту» көрсетілген. Ұсынылып отырған жобаның түпкі мақсаты мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсат-міндеттерінің орындалуына үлес қосуды көздейді. <i>Жобаның мақсаты</i> – қазақ тіліндегі мәтіндерді бейімдеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындай отырып, нәтижелерін қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда қолдануға ұсыну. Мәтін трансформациясының бір түрі – адаптация мәселесі қазіргі таңда лингвистика, лингводидактикада белсенді талқыланып жүрген өзекті мәселелердің бірі. Лингвистика ғылымы тұрғысынан қандай да бір тіл материалында мәтіннің табиғаты мен ерекшелігі жан-жақты зерттелетін болса, лингводидактикада оқылым дағдысын жетілдірудегі маңызды міндеттер шешімін табары айқын. Сондықтан бұл жоба мәтіндерді бейімдеудің лингвистикалық аспектілерін қарастыра келе, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудағы лингводидактикалық мәселелерді белгілі бір дәрежеде шешуді көздейді. Қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасы жан-жақты қарастырылып, арнайы зерттеулердің кездесетіндігіне қарамастан, қазақ тіліндегі мәтіндерді бейімдеу мәселесі бойынша теориялық және практикалық тұрғыдан зерттелген жұмыстар тапшы. Қандай да бір тілді шет тілі ретінде оқытудың әлемдік тәжірибесіне сүйенетін болсақ, түпнұсқалық мәтіндерді деңгей бойынша бейімдеп оқыту оң нәтижелерін беріп отыр. Оған дәлел ағылшын және т.б. тілдерді оқыту бойынша миллиондаған тираждармен жарық көріп отырған түрлі тақырыптар бойынша бейімделген кітаптар жинақтары. Мысалы, <i>Cambridge University Press, Oxford</i> <i>University Press, Macmillan</i> баспалары 6, 7 деңгейлі бейімделген кітаптар сериясын құрастырып, классик жазушылардың шығармаларын онлайн ресурстар арқылы тегін сайттарға жүктеп, бастапқы деңгейден орта деңгейге дейінгі ағылшын тілін үйренушілерге қосымша оқу құралдары ретінде ұсынады. Қазақ тіліндегі қолжетімді кітаптар мен оқу құралдарының көптігіне қарамастан, тілді жаңадан үйренушілер үшін түсініп оқитын бейімделген оқу материалдарының аз болуы тіл үйренушінің ынтасын төмендететіні туралы</p>

	қазіргі лингводидактикалық зерттеулерде айтылып жүр. Аталған себептер қазақ тіліндегі мәтіндерді бейімдеу жолдарын, құрастыру тәсілдері мен қағидаларын зерттеу өзектілігін айқындайды.
Жоба мақсаты	<i>Жобаның мақсаты</i> – қазақ тіліндегі мәтіндерді бейімдеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындай отырып, нәтижелерін қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда қолдануға ұсыну.
Жоба міндеттері	<p>Жобаның мақсатына жету үшін төмендегідей әдіснамалық-теориялық, практикалық <i>міндеттерді</i> шешу алға қойылады, қойылған міндеттер бір-бірімен және нәтижелермен өзара байланысты, әрбір міндеттің жоба мақсатына қол жеткізудегі рөлі жоғары (бір-бірімен өзара байланысты болғандықтан бірнеше міндеттер көрсеткіштеріне сай біріктіріп көрсетілді):</p> <p>1) мәтін трансформациясы мен адаптациясы мәселесінің ғылыми-теориялық аппаратын айқындау; мәтін адаптациясының түрлерін анықтау және салыстыру; мәтін адаптациясының отандық және шетелдік ғылыми зерттеулердегі зерттелу жай-күйіне аналитикалық шолу жасау.</p> <p><i>Міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері:</i> Мәтінді бейімдеу жөніндегі әлемдік ғылыми әдебиеттер библиографиясы; негізгі ұғымдар мен терминдердің шағын сөзтізбесі; жұмыстың ғылыми-әдіснамалық негіздері түйінделетін ғылыми монографияның бірінші тарауы.</p> <p>2) қазақ тіліндегі мәтіндердің лингвистикалық және лингвистикалық емес тұрғыдан бейімделу ерекшелігін айқындау; қазақ тіліндегі мәтіндердің бейімделу қағидалары мен тәсілдерін айқындау; қазақ тіліндегі мәтіндерді бейімдеудің танымдық, мәдени негізін анықтау; бейімделген мәтіндерді тілді оқытуда қолдану бойынша әлемдік тілдер тәжірибесіне анализ жасау.</p> <p><i>Міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері:</i> ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын отандық басылымға 1-ші мақала; жұмыстың ғылыми-әдіснамалық негіздері түйінделетін ғылыми монографияның екінші тарауы.</p> <p>3) қазақ тіліндегі мәтіндерді тілдік деңгейге қарай бейімдеп, қазақ тіліндегі әртүрлі жанр мен стильдегі бейімделуі болжанатын материалдар жинақтау; түпнұсқа және бейімделген мәтіндерді салыстыра талдау процедурасын айқындау.</p> <p><i>Міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері:</i> ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын отандық басылымға 2-ші мақала; жобаның</p>

	<p>практикалық эксперимент нәтижелері түйінделетін ғылыми монографияның үшінші тарауы.</p> <p>4) бейімделген және бейімделмеген мәтіндердің нәтижелілігін анықтайтын эксперимент жүргізу; мәтінді бейімдеу нәтижесін бағалауға мүмкіндік беретін өлшемдерді әзірлеу.</p> <p><i>Міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері:</i> жобаның практикалық эксперимент нәтижелері түйінделетін ғылыми монографияның төртінші тарауы; Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index немесе Russian Science Citation Index индекстелетін немесе Scopus базасындағы CiteScore бойынша кемінде 35 процентильтге ие рецензияланатын ғылыми басылымда 1 мақала.</p> <p>5) бейімделген материалдарды тілді дамыту мен үйретуде тәжірибе жүзінде қолданып, оның ұтымды әрі кемшін тұстарын анықтау; тіл үйренушілердің тілді үйрену кезеңінде қолдануға ұсынатын сөздікқор мөлшерін және құрамын анықтау.</p> <p><i>Міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері:</i> Бейімделген мәтіндердің баспадан шыққан жинақтары; бейімделген мәтіндерді YouTube каналына шығару.</p> <p>Сонымен әдіснамалық-теориялық міндеттердің орындалуын негізгі ұғымдар мен терминдердің шағын сөзтізбесімен, ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер көрініс табатын ғылыми монографиямен, отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көретін ғылыми мақалалармен, практикалық міндеттердің шешілуі деңгейге бөлінген мәтіндер жинақтарының құрастырылуымен, оларды апробациядан өткізіп, сабақтарда қолданылуымен, мәтіндерді YouTube каналына салынуымен өлшеуге болады.</p>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p><i>Жұмыстың нәтижесінде:</i></p> <p>- Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильтге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала жариялау көзделуде. Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильтге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала жариялау көзделуде. Атап айтқанда, Linguistics and Language Compass Издатель: Wiley-</p>

	<p>Blackwell. ISSN:1749-818X. H-INDEXT 47. CiteScore 2021 ж. 3.3 SJR 20210.752. SNIP 20211.949. https://www.scopus.com/sourceid/13000154735</p> <p>- ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын отандық журналдарда 2 (екі) мақала шығару: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. ISSN 2616-678X; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. ISSN:1563-0323.</p> <p>- қазақстандық баспада «Қазақ тілінде бейімделген мәтіндерді құрастыру моделі» атты монография жарияланады.</p> <p>- қазақстандық баспада «Қазақ тіліндегі бейімделген мәтіндер» деген сериямен 6 жинақ басып шығарылады.</p> <p>- қазақстандық бюродан авторлық құқық нысанына мемлекеттік тіркеу құқығы туралы авторлық куәлік алынатын болады.</p> <p>- сондай-ақ қазіргі таңда интернет желісінің мүмкіндігінің зор екендігін ескере отырып, әлемнің кез келген жеріндегі тіл үйренуші үшін дайын өнімнің қолжетімділігін арттыру мақсатында, бұл жинақтарды тілді тыңдау арқылы үйрену әдісіне сәйкес YouTube каналы арқылы тарату көзделуде.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін мәтін лингвистикасы теориясында, лингводидактикада, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту практикасында, тіл білімі мамандарын оқыту курстарында, студент, магистрант, докторанттардың лингвистикалық білімін арттыруда қолдану оң әсерін тигізеді.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мамбетова Маншук Кудайбергеновна, білімі жоғары, филология ғылымдарының кандидаты http://orcid.org/0000-0002-8870-4787 Scopus Author ID – 57148360300 2. Мадиева Гульмира Баянжановна, білімі жоғары, филология ғылымдарының докторы, профессор Хирша индексі – 2 https://orcid.org/0000-0002-4247-1754 3. Медетбекова Перизат Туктибаевна, білімі жоғары, филология ғылымдарының кандидаты ORCID: http://orcid.org/0000-0002-2788-3478 Scopus author ID: 57200435877 (ISSN 1739-4341-©) 4. Кузембекова Жанна Жалайыровна, білімі жоғары, PhD докторы https://orcid.org/0000-0002-8109-5739 Scopus Author ID –57220102176

	<p>5. Өлиакбарова Айгерім Тілесбекқызы, білімі жоғары, PhD докторы https://orcid.org/0000-0001-9517-1096 Scopus Author ID – 57217993199</p> <p>6. Мырзабек Бибіхан, білімі жоғары, «Лингвистика» мамандығы бойынша 2-курс докторанты https://orcid.org/0000-0002-6846-1132</p> <p>7. Несіпбай Гүлдана, білімі жоғары, «Лингвистика» мамандығы бойынша 3-курс докторанты https://orcid.org/0000-0003-1266-1255</p>
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph5
Патент туралы ақпарат	-



